

## 2023-2024 оқу жылында 7 «Ә» сыныбында сынып жетекшінің оқушы және ата-анамен бірлескен жұмыс нәтижесі

Мектептің ата-аналармен жұмысының негізгі нысаны сыныптық, жалпы мектептік ата-аналар жиналысы, жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің жұмысы болып табылады. Бүгінгі таңда ата-аналардың мектеппен және мектептің ата-аналармен қарым-қатынасының сындарлы сипатын қалыптастыру қажет. Тәрбие жұмысының мақсаты ата-аналардың, баланың, мектеп әкімшілігі мен педагогтердің позитивке негізделген тең құқылы достық өзара іс-қимылы, оларға педагогикалық өздігінен білім алуды ұйымдастыруға, балаларды тәрбиелеу бойынша біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға көмек көрсету, оларды мектеппен және жұртшылықпен белсенді өзара іс-қимылға тарту болып табылады. Ата-аналар барлық іс-шараларға белсене қатысты.

Осы оқу жылында 4 ата-аналар жиналысы өткізілді. Онда 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері айтылып, ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары құрылды.

Ата-аналар комитетін сайланды. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілді. Білім күні ұйымдастырылды және өткізілді. Жасөспірімдердің мамандық таңдауға бейімділігі мен қызығушылықтары арттырылды. Ата-аналар мен балаларды тәрбиелеу және оқыту жауапкершілігі бойынша әңгімелер жүргізілді. Ата-аналармен "кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында әңгіме өткізілді. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетілді «Балалар мен ересектерге арналған мінез-құлық этикасы сабақтары» өткізілді.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» («Ата-аналар мектебі» жобасы) аясында мереке ұйымдастырылып, өткізілді. Балалар ортасындағы құқық бұзушылықтардың, бейәлеуметтік мінез-құлықтың, қаңғыбастықтың, қадағалаусыз қалудың алдын алу, сондай-ақ біздің мектеп оқушылары арасында әлеуметтік-жағымсыз құбылыстардың таралуының алдын алу бойынша жұмыстар жалғастырылды. Отан қорғаушылар күніне арналған мерекені ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналар белсене қатысты.

Сынып жетекшісі:  Камзин С. Ж